

Модальділік санатының көркем мәтін құрылымындағы белгілері

Аңдатпа. Модальділік санатын функционалды синтаксис деңгейінде, мәнмәтін, тұтас мәтін аясында салыстыра талдау аса маңызды. Бұл бағытта аталған құбылыстың өзіндік құрылымы бар, күрделі заңдылықтардың қатарындағы тілдік табиғатын айқындауға, дербес теориялық мәселелерін тұжырымдауға қол жеткізе аламыз. Ұсынылған ғылыми мақалада поэма мәтініне сүйене отырып, модальділік санатының құрылымдық жүйесіне талдау жасалады. Нәтижесінде модальді мәнді өзектендіретін сөйлемдердің семантикалық байланысы арқылы тұтас шығармадағы модальді құрылымдардың ішкі мағыналық-құрылымдық байланысы қалыптасатыны сараланады. Мәтін құрылымында мұндай сөйлемдердің мақсатты қызмет атқаратыны, олардың өзара семантикалық байланысты қатаң сақтап, интеграция құбылысына бағына қозғалып, мағыналық-құрылымдық жақтан бірізуге, тиянақталуға ұмтылатыны дәлелденеді. Сонымен қатар, субъективті көзқарасты өзектендіретін аталған құрылымдардың мәтін деңгейінде көлденең және тікелей байланыс түзетіні нақты мысалдармен айқындалады. Модальділік санатының белгілерін функционалды негізде салыстырып, мәтін деңгейінде субъективтік модальді мәнді өзектендіретін сөйлемдердің ерекшелігін, мағыналық-құрылымдық жақтан олардың тиянақталып отыратынын, яғни, тұтасуға ұмтылуын дәйектеу әлі де өзекті мәселелер болып табылатынына, бұл бағытта тереңірек зерттеулердің қажеттілігіне назар аударылады. Бұл мәселелер нақты ғылыми зерттеулер деңгейінде салыстырылып тұжырымдалады. Сондай-ақ, субъективтік модальді мәннің үнемі ашық тірек құрылымдармен жасала бермейтіндігі тілдік деректермен дәлелденіп, поэма мәтініндегі астарлама қызметін атқаратын грамматикалық бірліктердің когнитивтік функциясына, сол арқылы функционалды бағыттың когнитивтік бағыттен байланысына ғылыми талдаулар жасалады. Поэма құрылымында «өмір» сөзінің когнитивтік мағынасынан тараған семантикалық желілер арқылы автор өзінің өмір жолының кезеңдерін астарлы суреттеп, «өмір-арман», «өмір-күрес», «өмір-үміт» сияқты ішкі субъективті көзқарасын стилистикалық бояумен жеткізе алғаны сөз болады.

Түйін сөздер: модальділік, модальді мәндер, модальділік құрылымы, мәтін, шумақаралық байланыс, семантикалық желі.

DOI: [10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-63-70](https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-136-3-63-70)

Кіріспе

Модальділік санаты – функционалды бағытта талдауды қажет ететін ауқымды грамматикалық құбылыс. Дегенмен бүгінгі тіл білімінде модальділік заңдылығын зерттеу құрылымдық синтаксис деңгейінде қалып отыр. Назар аударсақ, модальділіктің грамматикалық белгілерін бір сөйлем аясында толық айқындай алмаймыз. Кейде модальді мағына кем дегенде екі, үш сөйлем аралығынан немесе алдыңғы, соңғы сөйлемдердің бір-біріне әсер етуінен (яғни мағыналық байланыстағы сөйлемдер жігінен), тұтас мәтін деңгейіндегі, тарауаралық сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық байланысынан анықталатын жағдайлар жиі көзге түседі. Сондықтан қазақ тіл білімінде аталған заңдылықтың мәтін аясындағы ерекшелігін ескере талдау – әлі де өзекті тақырыптар қатарында.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында жинақтау, сипаттау, жүйелеу, салыстыру әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Талқылау

Жалпы тіл білімінде модальділік санатының мәтін деңгейіндегі белгілерін ескере отырып талдаған еңбектер баршылық. Оларға шолу жасай отырып, біршама ізденістерді атап өтуге болады. Модальділік заңдылығын функционалдық синтаксис шеңберінде қарастырған ғалым – И.Р. Гальперин. Автор объективтік модальділік пен субъективтік модальділікті бір-бірінен ажырата қарап, субъективтік модальділікті бүтін текст құрылымын саралаудың нәтижесінде талдауға болатынын алға тартады. Ғалым, сонымен қатар, субъективтік модальділік функционалды сипат алғанда, бір тәсіл арқылы сараланбайтындығын да ескеріп: «Мәтіннің субъективті-бағалау модальділігі әлдебір құралды бір мәрте қолданудан танылмайды. Эпитеттер, теңеулер, анықтауыштар, детальдар магниттік алаң түзе топтасады»,– деген тұжырымдарын да көрсеткен [1, 119 б.].

В. Виноградов: «Күрделі синтаксистік тұтастықтағы модальділік үзілмелі-өзгермелі болады. Күрделі синтаксистік бірліктегі модальділік оны құрайтын әртүрлі модальдік мағыналарды композициялық тұтастыру арқылы және тұтастықтың жалпы семантикасы арқылы анықталады»,– деп модальділіктің сөйлем аясындағы және мәтін деңгейіндегі құрылымдық ерекшеліктерін ішкі белгілеріне мән бере сөз етеді [2, 84 б.].

Осындай пікірлерді Ю. Шведова жалғастырып, модальділік санатының функционалды сипатын ауызекі сөйлеу тілі негізінде талдайды. Автордың ойынша, мәнмәтінде кейде объективтік модальділік пен субъективтік модальділіктің жігін ажыратудың (яғни бірлікте, бір мақсатта қолданғанда) қиын екендігін сөз етіп, төмендегідей қорытындыға келеді: «Модальдік мағына дегеніміз синтаксистік құрылымның өзіндік мағынасы, ол тұтастықтың құрылымына ғана тән бола алады» [3, 19 б.].

Қазақ тіл білімінде де модальділік заңдылығын функционалдық деңгейде талдауды қажет ететін грамматикалық категория екендігін атап өткен зерттеулер бар. Бұл еңбектерде модальді мәні бар сөйлемдерді тұтас құрылым (сөйлемаралық, мәнмәтінде, мәтінаралық байланыстағы құрылымын бұзбай) деңгейінде салыстырып талдау қажеттілігіне назар аударылады. Мәселен, Е. Жанпейісов модальділік санатының жасалуына негіз болатын модаль мәнді сөздерді, шылаулар және кейбір қыстырма сөздерді арнайы талдаған. Автор кейбір сөздердің модальді реңі бірден көзге түссе, кейбір лексика-грамматикалық амалдардың бұл қызметі сөйлем аясында, сөйлемаралық байланысты салыстырудан аңғарылатынын орынды атап, мәселені функционалды деңгейде зерттеуге бағыттайды [4, 166-167].

Сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық ерекшелігін зерттеген еңбегінде З.Ш. Ерназарова модальділік мәселесін арнайы талдамаса да, зерттеу еңбегіне қатысты модальді мағынаның кейбір түрін саралай келе, бұл санат белгілерінің сөйлемаралық қатынаста, сөйлесімде дамитынына көңіл бөледі [5].

Бұл бағытты қазақ тіл білімінде С. Құлманов зерттеуі толықтырды [6]. С. Құлманов «мүмкіндік» модальділігінің семантикалық қырын функционалды ауқымда талдауға үлес қосты.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектердің негізінде қорытындыласақ, субъективтік модальділік категориясына қатысты теориялық мәселелер бірте-бірте кеңейіп, осы заңдылықтың грамматикалық белгілерін орнықтыруға үлес қосқан. Бұл еңбектердің бірінде модальділік жеке зерттеу көлемінде, арнайы қарастырылса, қазақ тіл білімінде жалпы сөйлемге қатысты теориялық талдаулар орын алған тұста көңіл бөлініп, бұл категорияның күрделілігін жалпы атап өтумен шектелген. Дегенмен, төл грамматикамызда субъективтік модальділік мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді. Себебі қазақ тіл білімінде модальділік мәселесінің зерттелуі құрылымдық синтаксис деңгейінде қалып отыр. Әсіресе, оның практикалық талдауларына сұраныс жоғары. Сондықтан ғылыми мақалада аталған заңдылықтың теориялық мәселелерін кеңейте қарауға, функционалды грамматика заңдылықтарымен байланыста талдауға қадамдар

жасалады.

Сонымен, бұл ғылыми мақалада модальділік санатының грамматикалық ерекшелігін талдау үшін, мәтін аясындағы мағыналық байланысқа назар аударып, функционалды-семантикалық сипаттауды басшылыққа аламыз.

Көркем шығарма құрылымында көрініс беретін модальділік туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен, автордың субъективті көзқарасы назарға алынады. Себебі автордың субъективтік көзқарасы шығарманы мағыналық-құрылымдық жақтан тұтастырудың, біріктірудің негізі болып табылады. Авторлық көзқарастың осындай қызметін даралай келе Н.С.Валгина: «Барлық мәтіннің бірліктерін біртұтас мәнге және құрылымдық тұтастыққа бекітетін, мәтінді құру мен мәтінді қабылдаудың ең маңызды элементі» деп бағалайды [7, 104 б.].

Оқырманға автордың қоғамдағы оқиғаларды, құбылыстарды қабылдауын, оған қатысты ішкі тұжырымын, пайымдауын толыққанды, аяқталған күйде түсіну үшін, мәтіннің құрылымын бұзбай, тұтастықта қарау қажет етіледі. Нақтылай айтсақ, әдеби мәтіндегі автор-субъектінің көзқарасы жекелеген сөйлемдер қызметінен емес, шығарманы біртұтас құрылым ретінде қабылдауда ғана толыққанды айқындалады. Бұл мәселені біз Ғ.Жандыбаевтың «Әпке» поэмасының негізінде саралауға тырыстық.

Талдауға негіз болған поэма мәтіні аяқталған құрылым болса, оның ішкі тармақтары, шумақтары құрамдас бөліктері болып табылады. Демек, көркем мәтін құрылымында көрініс беретін субъективтік модальділік белгілері тармақ, шумақаралық, тарауаралық деңгейде көрініс беріп отыратын жекелеген модальді мәндердің жиынтығынан қалыптасады. Бұл ретте поэма мәтіні кеңістігіндегі грамматикалық амалдарды модальді мәндердің мағыналық-құрылымдық жүйесін байланыстырушы дәнекерлер деп танымыз. Мұндай грамматикалық құрылымдарға автор тарапынан белгілі бір мақсат жүктелетінін сипаттай келе Қ.Есенова: «Сөйлеу актісінде тіл ұстанушының тілдік бірліктерді өз түпкі ниетіне сай етіп іріктей білуі, қай сөзге баса мән беретіндігі, өз сөзінің тыңдаушыға қандай дәрежеде әсер етуін көздейтіндігі, соның нәтижесінде адресаттың қандай да бір әрекеттерге баруына түрткі болатындығы, сондай-ақ, айналадағы адамдарға өз сөзі арқылы өзін белгілі бір қырынан таныстыруға, көрсетуге тырысатындығы т.б. барлығы жинала келе, оның түпкі ойының аудиторияға дұрыс, дәл, нақты күйінде жеткізілуін қамтамасыз етеді», – деп түйіндейді [8, 18 б.].

Субъективті көзқарасын жеткізуде, автор модальді мәнді өзектендіретін тілдік құрылымдардың қызметіне сүйенеді. Әр автордың стиліне, көркемдеу шеберлігіне орай олардың жасалуы да еркін. Кейде автор грамматикалық тәсіл ретінде тура мағынадағы құрылымдарды қайталай қолданып, тұтас шығарма құрылымындағы субъективтік көзқарастың ішкі мәндерін байланыстыруға мүмкіндік алады. Енді бірде ауыспалы мәндегі қолданыстардың қызметін тірек етеді. Мәселен, талданған поэма мәтіні құрылымында автор «өмір» сөзінің синонимдік өрісінен пайда болған ауыспалы тіркестерді субъективтік көзқарасын өзектендіретін семантикалық доминанттар ретінде ұтымды қолданып, модальділіктің құрылымдық тұтастығын қалыптастыруға қол жеткізген. Аталған поэма мәтіні аясында «өмір» сөзін ауыстырған «қызыл» сөзінің астарлама мағынасы (мысалдағы «қызыл түс», «алқызыл бұлт» қолданыстары «өмір» сөзінің астарлы баламалары) көрініс берген синтаксистік құрылымдар шығарманың барлық бөлігінде қайталана қолданылып, модальді көзқарасты өзектендіру функциясын атқарған. Мысалы:

Құштар ем қызғылт түске бала жастан,
Қиылып қарағандай маған аспан.
Бір уыс алау болып мен де кеше,
Алқызыл бұлт ішіне араласқам [9, 105 б.].

Шығарманың ортаңғы бөлігінде де «қызыл» сөзінің ауыспалы мағынасынан өрбіген семантикалық желілер модальділік категориясының құрылымын тұтастырып, субъективтік

ойды дамытып, мәнмәтінаралық ішкі байланысты реттеуді жүзеге асырған (мұндағы «қызыл шоқ» қолданысы «өмірге құштарлық» мағынасында). Мысалы:

Тұтатып қызыл шоқты кеудемдегі,
Қызулы үміттерге ерген мені.
Шоқтанған жұлдыздардың шоғырынан,
Көріп те қалдың ба, әпке, сол кездері... [9, 114 б.].

Сондай-ақ, аталған астарлама қызметіндегі сөйлемдер көркем мәтіннің қорытынды бөлігіндегі субъективті ойды өзектендіру қызметін атқарған. Осындай сөйлемдер автордың субъективтік ойын сатылай дамытуға тірек болып, тұтас мәтіндегі семантикалық байланысты реттейді.

...Уақыт та біраз жерге озып барды.
Кеудемде бірақ менің, қоздап жатты,
Үміттің қызыл шоғы... соны ұққам-ды... [9, 115 б.].

Байқап отырғанымыздай, поэма құрылымында автор «өмір» сөзінің коннотативті мағынасынан тараған семантикалық желілер арқылы өмір жолының кезеңдерін астарлы суреттеп, «өмір-арман», «өмір-күрес» (поэма мәтіндегі «қызыл өсек», «қызғаныштың қызыл иті», «қызыл майдан» т.б. тіркестер арқылы аңғаруға болады), «өмір-үміт» сияқты ішкі субъективті тұжырымдарын сатылай дамытып, «өмір-жеңіс» деген түпкі ойын түйіндеген. Мәтінде «қызыл» сөзінің семантикалық желісінен тарайтын астарламалар арқылы «күдіктену», «үміттену», «сенімділік» модальді мәндері көрініс береді.

Бір ескеретіні, аталған сөйлемдер қызметі тіл біліміндегі интеграция тәсілімен байланыста қозғалады. Мәтін кеңістігіндегі белгілі бір мақсатты атқаратын мұндай семантикалық дәнекерлер интеграция құбылысына бағынады да, мағыналық-құрылымдық жақтан бірігуге, тиянақталуға ұмтылады. Бұл туралы И.Р. Гальперин: «Интеграция – мәтіннің тұтастығына қол жеткізу мақсатында ондағы барлық бөліктердің бірігуі. Интеграция белгілі бір үдерісті аяқтауға, үдеріс нәтижесіне ұмтылады»,– дейді [1, 128 б.]. Осы ойды О.А.Донскова да құптап: «Модальность выявляется в процессе интеграции частей и способов их сцепления, в характере предикативных и релятивных отрезков текста»,– деп бекітеді [10, 187 б.].

Автордың субъективтік ойының тұтастығын реттеп тұрған мұндай синтаксистік бірліктер шумақаралық кеңістікте қозғалғаннан кейін, мәтінгүзушілік қасиетімен де ерекшеленеді. Олардың тұтас мәтінде орналасуы грамматикада айтылып жүрген тігінен (вертикальды) немесе көлденең (горизонтальды) байланысу ережесіне бағынады. Мысалы, автор-субъекті шығарма соңында көрініс беретін субъективтік көзқарасын тұтас мәтін бойында сатылай дамытып, мағыналық-құрылымдық байланысты көлденең орналасқан синтаксистік бірліктер арқылы қалыптастырған (Құштар ем қызғылт түске бала жастан; Алқызыл бұлт ішіне араласқам; Кеудемде бірақ менің, қоздап жатты, үміттің қызыл шоғы... соны ұққам-ды; Тұтатып қызыл шоқты кеудемдегі, қызулы үміттерге ерген мені; Болды ма «жүнім қызыл» қарсы алдымнан, сан шықты маған да бір қызыққандар...). Мұндай дәнекер құрылымдар поэма мәтінде бірнеше рет қайталанып, мәтіндегі модальді мәнді айғақтайтын синтаксистік бірліктердің басқа бөліктерімен және автордың қорытынды субъективтік ойын түйіндейтін төмендегі сөйлемдермен мағыналық-құрылымдық қатынаста болады.

Жүрекке ізгіліктің егілгені –
Көңілге жарық сәуле себілгені.
Мұңайсам – маңдайымнан сипап тұрып,
Сүрінсем – сүйеп қалды елім мені [9, 123 б.].

Жақсыдан көрмей жүрсем жаттық әлі,
Бір сезім көңіліме пәк тұнады:

Ол сенің жүрегіңнен бастау алған,
Адамдық мейірімнің ақ бұлағы [9, 124 б.].

Нәтижелері

Мақалада субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілері поэма мәтіні деңгейінде салыстырылып, аталған санаттың теориялық мәселелерін кеңейтуге, күрделі құрылымын даралауға және мәтіндегі тілдік амалдардың қызметін кешенді талдауға қол жеткізілді.

Нәтижесінде:

- модальділік санатының басқа грамматикалық құбылыстармен (семантикалық ұйысым, интеграция) байланыста қозғалатын, дербес заңдылық қатарындағы орны анықталды.
- модальді мәннің функционалды, когнитивтік бағыттардың кешенді байланысынан талданатын семантикалық санат екені айқындалды;
- субъективтік модальділіктің ішкі мәндері кейде бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен, кейде көркем шығармада шумақаралық қатынастағы сөйлемдердің семантикалық байланысынан сараланатыны дәйектелініп, тілдік амалдардың мәтін аясындағы құрылымдық-семантикалық ықпалдасуына мән беру қажеттігіне назар аударылды. Соның нәтижесінде белгілі бір мәтіндегі модальді мәнді өзектендіретін синтаксистік бірліктердің қызметі дараланды;
- субъективтік модальді мәннің үнемі ашық тірек құрылымдармен жасала бермейтіндігі тілдік деректермен бекітілді. Бұл тұста поэма мәтініндегі астарлама қызметіндегі грамматикалық бірліктердің астарлама сөйлемдер ретіндегі функциясына назар аударылып, функционалдық бағыттың когнитивтік бағытпен түйісетін тұсына ғылыми талдаулар жасалды. Яғни, субъективтік модальді мән астарының экстралингвистикалық ықпалдарға тәуелді болатыны ғылыми негізде сараланды. Экстралингвистикалық ықпалдарға: субъектаралық қарым-қатынас, жағдаят, әлеуметтік ортаны жатқыздық. Аталған сыртқы ықпалдардың әсері бір мәнмәтін аясында көріне бермейтіндігі, олардың жиынтығы тұтас мәтінде анықталатыны дәйектелді.
- модальді мәнді өзектендіруге негіз болатын синтаксистік бірліктер мәтінаралық кеңістікте қозғалғаннан кейін, мәтінтүзушілік қасиетіне ие болатыны сараланды. Олардың тұтас мәтіндегі байланысы грамматикада айтылып жүрген тігінен және көлденең құрылымда орналасатыны жүйеленді. Әсіресе, тігінен орналасып, «семантикалық ұйысымның тірегі» функциясын атқаратын мәтінтүзуші модальді құрылымдардың әр түрлі бағыттағы модальді мәнді анықтауда үлесі зор. Мысалы, автор-субъекті шығарма соңында көрініс беретін субъективтік көзқарасын тұтас мәтіндегі вертикальды синтаксистік байланыстар арқылы, әрі тұтас мәтіндегі горизонтальды байланыстағы синтаксистік бірліктер байланысы арқылы жүйелей алады. Синтаксистік бірліктер вертикальды байланыста болғанда, грамматикалық құрылымдардың мәтіндегі байланысы тік сызықты құрайды, ал мұндай модальді құрылымдар горизонтальды бағытта байланысса, мәтіндегі модальді мәнді айғақтайтын синтаксистік бірліктердің құрылымдық байланысы көлденең сызықты көрсетеді.

Қорытынды

Тілтанушы ретінде біз әр сөйлемде көрініс беретін модальді мағынаны жалқылап талдауды емес, тұтас поэма мәтінінде көрініс беретін автордың субъективті көзқарасын саралауды мақсат еттік. Бұл тұрғыда поэма мәтіні бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен қалыптасатын, белгілі бір жағдаяттың әсерін ескере отырып, модальділікті толық сипаттауға, оның құрылымдық белгісін ұғынуға мүмкіндік беріп, біртұтас ойды қалыптастыруға тірек болады. Яғни, мәтін өзінің құрамындағы ұсақ модальді мәндердің тығыз семантикалық қатынасынан өрбитін модальді мағынаның құрылымдық ерекшелігін бұзбай, автор-субъектінің

өмірлік көзқарасының астарын толық түсінуге мүмкіндік береді. Модальділік санатын поэма мәтіні аясында талдауда, оның өзіндік құрылымы бар, бірнеше мәнмәтін, тарауаралық байланыстан жүйеленетін, ауқымды санат екендігіне көз жеткіздік. Модальділік мағынаны өзектендіретін құрылымдардың қызметі де, олардың тиянақталып отыратын белгісі де мәтіндегі салыстырулар арқылы дәлелденіп, бұл санаттың семантикалық астарын, құрылымын сараптауға мүмкіндік жасайды. Мәнмәтінаралық деңгейде модальді құрылымдардың тиянақталып, тұтасуға бейімділігі, олардың құрылымдық жүйесі нақты қолданыстағы мысалдармен сараланды. Мәнмәтінаралық қашықтықта семантикалық байланыс түзетін мұндай синтаксистік бірліктер субъективтік көзқарасты жан-жақты, толық, өз мәнінде қабылдауға тірек болып, модальділіктің құрылымдық жүйесін қалыптастырады.

Қорыта келсек, поэма мәтініндегі тілдік деректер модальділік категориясын дербес құрылымды, астарлы семантикалық талдаулар, мәнмәтінаралық сабақтастыру нәтижесінде сипаттауды қажет ететін ауқымды семантикалық заңдылық деп тұжырымдауға ықпал ететін дәлелді тұжырымдар жасауға негіз болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Гальперин И. Текст как объект лингвистического исследования. / И. Гальперин – Москва: УРСС, 2004. – 138 с.
2. Виноградов В. Избранные труды. / В. Виноградов – Москва: Наука, 1975. – 559 с.
3. Шведова Н. Очерки по синтаксису русской разговорной речи. / Н. Шведова – Москва: изд. АН СССР, 1960. – 377 с.
4. Жанпейісов Е. Қазақ тіліндегі сөйлем модальділігі және оның жасалу жолдары // Қазақ ССР Ғылым акад. хабарлары. Филология сериясы және өнертану сериясы. / Е. Жанпейісов – 1958. – № 1-2 (8-9). – Б. 166-170
5. Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол.ғыл.докт. ... автореф. / З. Ерназарова – Алматы, 2002. – 53 б.
6. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі. / С. Құлманов – Алматы: Ценные бумаги, 2006. – 155 б.
7. Валгина Н. Теория текста. / Н. Валгина – Москва: Логос, 2003. – 173 с.
8. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы: филол.ғыл.докт. ... дис. авторефераты. / Қ. Есенова – Алматы, 2007. – 52 б.
9. Аймұхамбет Ж., Әлімұлы А. Қазақтың 100 поэмасы. / Ж. Аймұхамбет., А.Әлімұлы – Алматы: Жазушы, 2013. 5-том. – 376 б.
10. Донскова О. Средства выражения категории модальности в драматургическом тексте. / О. Донскова – Москва: Наука, 1982. – 113 с.

Ж.А. Кусаинова

Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан

Признаки категории модальности в структуре художественного текста

Аннотация. В настоящее время особое значение придается сравнительному анализу категории модальности на уровне функционального синтаксиса в рамках основного текста и контекста в целом. В этом направлении данное явление имеет свою структуру, следовательно, позволяет определять языковую природу ряда сложных закономерностей и обобщать самостоятельные теоретические проблемы.

В статье анализируется структурная система категории модальности на основе текста поэмы. Отсюда следует дифференциация формирования внутренней семантико-структурной связи модальных конструкций всего произведения посредством семантической связи предложений, актуализирующих модальное значение. В структуре текста такие предложения имеют целенаправленную функцию, они следуют строгому соблюдению семантической взаимосвязи, движению к явлению интеграции, стремлению к семантической и структурной интеграции, а также стремлению к упорядоченности. В то же время актуализирующие субъективный подход горизонтальная и вертикальная связи указанных структур на уровне текста определяются конкретными примерами. Акцентируется внимание на том, что сопоставление признаков категории модальности на функциональной основе, конкретизация специфики предложений, актуализирующих субъективно-модальное значение на уровне текста, их фиксация со смысло-структурной стороны, т.е. стремление к целостному, все еще являются актуальными вопросами и необходимы более глубокие исследования в этом направлении. Данные вопросы формулируются в процессе сопоставления на уровне конкретных научных исследований. Также доказывается посредством языковых данных тот факт, что субъективная модальная сущность не всегда создается открытыми опорными структурами, проводится научный анализ когнитивной функции грамматических единиц в тексте поэмы, выявляются связи функционального направления с когнитивным. В структуре поэмы через смысловые линии, вытекающие из когнитивного значения слова «жизнь», автор сумел стилизовать этапы своего жизненного пути и стилистически передать такие внутренние субъективные установки, как «жизнь-мечта», «жизнь-борьба», «жизнь-надежда».

Ключевые слова: модальность, модальные значения, модальная структура, текст, межконтекстная связь, семантическая сеть.

Zh.A. Kussaiynova

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Signs of the modality category in the structure of a literary text

Abstract. Currently, a special importance is attached to the comparative analysis of the category of modality at the level of functional syntax within the main text and the context. This phenomenon has its own structure; therefore, it allows us to determine the linguistic nature of several complex laws and generalize independent theoretical problems.

The article analyzes a structural system of the category of modality based on a poetic text-a poem. This leads to the differentiation of the formation of the internal semantic and structural connection of the modal constructions of the entire work through the semantic connection of sentences that actualize the modal meaning. In the structure of the text, such sentences have a purposeful function, they follow a strict observance of the semantic relationship, the movement towards the phenomenon of integration, the desire for semantic and structural integration, as well as the desire for orderliness. At the same time, the horizontal and vertical connection of these structures at the text level, which actualizes the subjective approach, is determined by specific examples. Attention is focused on the fact that the comparison of the features of the category of modality on a functional basis, the concretization of the specifics of sentences that actualize the subjective-modal meaning at the text level, their fixation from the semantic and structural side, i.e. the desire for the integral, are still relevant issues, the need for deeper research in this direction. These questions are formulated in a comparison at the level of specific scientific research. Language data also proves the fact that the subjective modal essence is not always created by open reference structures, a scientific analysis of the cognitive function of grammatical units that perform a function in the text of the poem, the connection of the functional direction with the cognitive one is carried out. In the structure of the poem, through the semantic lines arising from the cognitive meaning

of the word "life", the author managed to stylize the stages of his life path and stylistically convey such internal subjective attitudes as "life is a dream", "life is a struggle", "life is hope".

Keywords: modality, modal values, modal structure, text, inter-text communication, semantic network. Specificity of the category of modality in the structure of a literary text

References

1. Gálperin I.R. Teks kak obekt lingvističeskogo issledovaniya [Text as an object of linguistic research], (Moscow: ÝRSS, 2004. – 138 p.) [in Russian]
2. Vinogradov V.V. Izbrannye trýdy [Selected works], (Moscow: Naýka, 1975. – 559 p.) [in Russian]
3. Shvedova N.Í. Oчерки по sintaksisý rýskoi razgovornoj reči [Essays on the syntax of Russian colloquial speech], (Moscow: izd. AN SSSR, 1960. – 377 p.) [in Russian]
4. Janpeisov E. Qazaq tılındegı söilem modaldılıgı jáne onyñ jasalu joldary [The modality of a sentence in the Kazakh language and the ways of its creation], // (Akad. sciences of the Kazakh SSR. messages. Philology series and Art criticism series, 1958. – № 1-2 (8-9). – P. 166-170) [in Kazakh]
5. Ernazarova Z. Qazaq söileu tılı sintaksistik birlikteriniñ pragmatikalyq negizderi: filol.ğyl.dokt. ... avtoref. [Pragmatic bases of syntactic units of the Kazakh language: philol.V. V. dokt. ... autoref.], (Almaty, 2002. – 53 p.) [in Kazakh]
6. Qұлманов S. Qazaq tılındegı мүmkındik modaldılıgınıñ funksionaldy-semantikalyq örisi [The functional and semantic field of the modality of possibilities in the Kazakh language], (Almaty: Securities, 2006. - 155 p.) [in Kazakh]
7. Valgina N.S. Teoria teksta [The theory of the text], (Moscow: Logos, 2003. – 173 p.) [in Russian]
8. Esenova Q. Qazirgi qazaq media-mátininiñ pragmatikasy: filol.ğyl.dokt. ... dıs. Avtoreferaty [Pragmatics of the modern Kazakh media text], (Almaty, 2007. – 52 p.) [in Kazakh]
9. Аıмуhambet J., Аlımuly A. Qazaqtyń 100 poemasy [100 Kazakh poems], (Almaty: Jazýshy, 2013. 5-tom. – 376 p.) [in Kazakh]
10. Donskova O.A. Sredstva vyrajenia kategorii modalnosti v dramatyrgicheskom tekste [Means of expressing the category of modality in a dramatic text], (Moscow: Naýka, 1982. – 113 p.) [in Russian]

Автор туралы мәліметтер:

Құсайынова Жайнагүл Айтмағанбетқызы – филология ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, Жеңіс даңғылы, 62. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kussaiynova Zhainagul Aitmaganbetkyzy – Doctor of Philology, Associate Professor of the Kazakh and Russian languages, S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, 62 Pobedy ave., Nur Sultan, Kazakhstan.